« Бекітемін»
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университетінің Ректоры
________________ Ж.Темірбекова
«_18_» ____09______ 2024 ж

АХМЕТ ЯСАУИ
УНИВЕРСИТЕТІ

# ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ 2024-2029 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ ЖАСАЛҒАН ТЕОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІНІҢ 2024-2026 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯСЫ

Теология факультетінің деканы
_______________С.Абжалов

*Даму бағдарламасы Басқару Кеңестің*
*№1 мәжілісінде қаралды*
(11.09.2024ж.)

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық
Қазақ-Түрік университеті
Сапа менеджментінің жүйесі
БАҚЫЛАУ ДАНАСЫ
№ 07
«_18_» ____09____ 2024ж.

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ 2024-2029 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ ЖАСАЛҒАН ТЕОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІНІҢ 2024-2026 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯСЫ**

**КЕЛІСІЛДІ**

| | | |
|---|---|---|
| Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры | ____________ | А. Ошибаева |
| Академиялық мәселелер вице-ректоры | ____________ | Э. Идрисова |
| Әлеуметтік-мәдени даму вице-ректоры | ____________ | Е.Төлегенов |
| Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры | ____________ | М. Гиритлиоглу |
| Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығы | ____________ | С. Кырыкбаева |

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ 2024-2029 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ ЖАСАЛҒАН ТЕОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІНІҢ 2024-2026 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯСЫ**

## МАЗМҰНЫ


1. Сыртқы орта мен ағымдағы жағдайларды талдау
2. Миссия, даму перспективалары
3. Стратегиялық мақсаттары, индикаторлар және оларға қол жеткізу міндеттері
4. Мақсатты индикаторлар мен тиімділік көрсеткіштерін анықтау
5. 2029 жылға қарай күтілетін негізгі нәтижелер
6. Ресурстар

# 1. СЫРТҚЫ ОРТА МЕН АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЛАРДЫ ТАЛДАУ

## 1.1 Теология, дінтану ғылымдарының қазіргі даму тенденциялары

Бүгінгі таңда цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы мен жаһанданудың ықпалынан басқа да гуманитарлық ғылымдар секілді теология және дінтану саласында да маңызды үрдістер байқалуда. Конфессияаралық диалог, діннің жаһандық проблемалармен байланысы, дін мен ғылымның өзара әрекеттесуі сияқты мәселелер ғылыми зерттеулердің өзегіне айналып отыр. Онлайн-платформалардың арқасында діни ақпаратқа қол жеткізу жеңілдеп, әлеуметтік желілер мен сандық басылымдар діни пікірталастардың жаңа арнасына айналды. Сонымен қатар, өскелең ұрпақтың діни көзқарастары дәстүрлі діни танымнан алшақтап жатқан жағдайлар да көрініс беруде. Жалпы дінтану, теология саласының қазіргі дамуы төмендегі тенденциялармен анықталады:

*1. Пәнаралық зерттеулер*

Теология факультеттері дінтанулық, исламтанулық пәндерді басқа пәндермен біріктіретін білім беру тәсілін қабылдауы өзекті болып табылады. Әлеуметтану, психология, философия, тарих және экология ғылымдары сияқты салалармен ынтымақтасу ислам білімін заманауи әлемге біріктіруге мүмкіндік береді. Пәнаралық көзқарас студенттердің өзекті мәселелерге неғұрлым жан-жақты қарап, жаңашыл шешімдер шығаруына септігін тигізеді.

*2. Цифрлық дінтану және онлайн діни білім беру*

- Цифрлық платформалар: Діни мазмұнның желілік орталарда таралуы, цифрлық тәпсір сабақтары мен онлайн білім беру бағдарламалары жас ұрпақ арасында танымал болды. Бұл діни білімнің таралуы мен қолжетімділігін жеңілдетеді.
- Әлеуметтік медиа және дін: әлеуметтік желілердегі діни пікірталастарға, діни көшбасшылардың ықпалына және діни қауымдастықтардың цифрлық активтеріне қатысты зерттеулер артып келеді.

Онлайн курстар, сандық кітапханалар және қашықтықтан білім беру платформалары әсіресе жаһандық деңгейде үлкен аудиторияға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Теологиялық факультеттер сандық технологияларды қолдану арқылы білім беруді қолжетімді және заманауи ете алады. Қазіргі әлемде технологияның қарқынды дамуы мен цифрландыру діннің осы жаңа заманмен қалай байланысатыны туралы мәселені күн тәртібіне шығарды. Цифрлық дін, діни көшбасшылардың әлеуметтік желілер арқылы ықпалы, онлайн діни қауымдастықтар сияқты жаңа құбылыстар діннің технологиямен тоғысатын маңызды салалары болып табылады.

*3. Конфессияаралық диалог және плюрализм*

Қазіргі әлемде әртүрлі діни сенімдегілер қатар өмір сүретін орта көбеюде. Жаһандану ықпалында әртүрлі діндер арасындағы диалог пен ынтымақтастық артып келеді. Осы себепті дінаралық диалог пен діни плюрализм теология факультеттеріндегі білім берудің маңызды бағыты саналады. Теология студенттерінің басқа діндермен салауатты және сындарлы диалог орнату қабілеті жаһандық бейбітшілік пен қоғамдық келісімді қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Плюралистік қоғамдардағы әртүрлі наным-сенімдердің қатар өмір сүруі дінтану ғылымындағы маңызды зерттеу тақырыбы ретінде ерекшеленеді. Осы тұрғыда конфессияаралық түсіністік пен бейбітшілікті қолдау бүгінгі күннің маңызды үрдістерінің бірі болып табылады.

*4. Ислам мен қазіргі ғылымның байланысы*

Исламның ғылыммен байланысы қазіргі әлемде маңызды талқылау тақырыбы болып табылады. Теология факультеттері Исламның ғылыми білімге қалай қарайтынын, Құрандағы ғылыми аяттарды қалай түсіну керектігін және Ислам тарихындағы ғылыми жетістіктерді зерттеуі өзекті бағыт саналады. Заманауи ғылым мен ислам арасындағы байланысты теңестіру студенттердің ғылыми әзірлемелерге ашық болуын қамтамасыз етеді.

*5. Зайырлылық және зайырлы қоғам, дін мен саясат байланысы*

Бір жағынан секуляризация үрдісінің жалғасып жатқаны алға тартылса, екінші жағынан кейбір қоғамдардың постсекулярлық құрылымға өтіп жатқаны байқалады. Осы тұрғыда қазіргі әлемдегі діннің орны, діннің зайырлы мемлекеттік құрылымдарға қалай кіретіні, діннің жеке өмірге әсері сынды мәселелер бүгінгі күннің өзекті тақырыбы. Дін мен саясаттың арақатынасы, әсіресе әртүрлі елдердегі діни ағымдардың саяси әсерлері, діннің мемлекеттік басқарудағы рөлі және дінге негізделген саясаттың күшеюі туралы зерттеулер өзекті болып қалуда

Жоғарыда келтірілген тенденциялар іргелі теологиялық, дінтанулық, исламдық ғылымдар саласында қарқынды даму үдерісі бар екенін және теориялық деңгейде де, практикалық деңгейде де бұл мәселелер академиялық зерттеулер мен әлеуметтік пікірталастардың орталығында тұрғанын көрсетіп отыр.

**1.2 Теология факультеті**

Теология факультеті 6В02228 Дінтану, 6В01683 - Дінтану, 6В02229 - Теология, 6В02266 - Исламтану, 6В02286 - Философия-дінтану, 6В03187 - Психология - Дінтану, 6В031920 - Әлеуметтану - дінтану, 7М02211 - Дінтану, 7М02262 - Теология білім беру бағдарламалары бойынша жоғары білікті мамандар даярлайтын аймақтағы негізгі орталық болып табылады. Факультетте мамандарды даярлау екі сатылы жүйе бойынша жүзеге асырылып келеді: бакалавриат, магистратура. Оқу үдерісі барысында шет тілдерін меңгеруге, сапалы білім беруге, өзге ұйымдармен тығыз байланыс орнатуға ерекше көңіл бөлінген. Факультет түлектері ғылым мен білім саласында, әкімшілік-мәдени жұмыста, ішкі істер жүйесінде, ұлттық қауіпсіздік комитеті қызметі мен діни сараптамалық бағыттарда үлкен сұранысқа ие. Факультет түлектері арасында республикаға танымал тұлғалар да бар. Аймақтың саяси, қоғамдық, ғылыми, діни салаларында қайраткерлік көрсетіп жүрген факультет түлектері ел дамуына орасан зор үлес қосуда. Факультетте мамандарды дайындау 6В2228 - Дінтану және 6В02229 - Теология, 6В02266 - Исламтану, 6В02286 – Философия - дінтану салалары бойынша іргелі білім беру бағдарламаларына негізделген. Оқыту қазақ, түрік, араб және ағылшын тілдерінде жүргізіледі.

**Теология факультетінің құрылымы**



**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ 2024-2029 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ ЖАСАЛҒАН ТЕОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІНІҢ 2024-2026 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯСЫ**

Теология факультетінде аккредиттелген 4 Білім беру бағдарламасы бойынша мамандар даярланады. Қалған 5 білім беру бағдарламалары жаңадан ашылғандықтан аккредитациядан енді өтеді. Факультеттегі жалпы БББ саны - **9.** Олар:

| Кафедралар | БББ саны | БББ атауы | БББ шифры | Аккредитация туралы мәлімет |
|---|---|---|---|---|
| Дінтану | 3 | Дінтану | 6B02228 | Аккредиттелген |
| | | | 7M02211 | Аккредиттелген |
| | | Дінтану | 6B01683 | - |
| Теология | 3 | Теология | 6B02229 | Аккредиттелген |
| | | | 7M02266 | Аккредиттелген |
| | | Исламтану | 6B02266 | Аккредиттелген |
| Философия | 3 | Философия-дінтану | 6B02288 | Жаңа БББ |
| | | Әлеуметтану-дінтану | 6B031920 | Жаңа БББ |
| | | Психология-дінтану | 6B03187 | Жаңа БББ |

Бүгінгі таңда факультетте **333** білім алушы бакалавриат білім бағдарламасы негізінде, **25** магистратура білім бағдарламасы бойынша білім алуда және студенттер арасында Түркия, Өзбекстан, Моңғолия сияқты елдерден келген шетелдік студенттер де бар. Факультетіміздің білім алушыларына Түркиялық ғалымдар мен өзіміздің отандық танымал оқытушы-профессорлар дәріс береді. Факультетте маман дайындаумен Дінтану, Философия және Теология кафедралары айналысады.

*Факультет контингентінің соңғы 3 жылдағы жалпы көрсеткіші төмендегідей:*

| | 2022-2023 | 2023-2024 | 2024-2025 |
|---|---|---|---|
| **Бакалавриат** | 267 | 319 | 333 |
| **Магистратура** | 22 | 20 | 25 |
| **Жалпы** | **289** | **339** | **358** |

***Факультет бойынша соңғы 3 жылда қабылданған білім алушылар туралы мәлімет***

*Бакалавриат*

| Оқу жылы | Грант | ТТЕ грант | Квота | Ақылы | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|
| 2022-2023 | 143 | 17 | 73 | 34 | **267** |
| 2023-2024 | 177 | 13 | 78 | 51 | **319** |
| 2024-2025 | 162 | 7 | 77 | 87 | **333** |

*Магистратура*

| Оқу жылы | Грант | Ақылы | Барлығы |
|---|---|---|---|
| 2022-2023 | 18 | 4 | **22** |
| 2023-2024 | 15 | 5 | **20** |
| 2024-2025 | 14 | 11 | **25** |

2024-2025 оқу жылында факультет бойынша бакалавриат деңгейінде 333 студенттің 169-ы грант, 77-і квота, 87-і келісім шарт негізінде білім алуда.

Ал магистратура бойынша 25 білім алушы, оның 14-і грант, 11-ақылы негізінде білім алып жатыр.

*Факультет түлектерінің жұмысқа орналасу көрсеткіші*

| Білім беру бағдарламалары | % көрсеткіш |
|---|---|
| 6В02228-Дінтану | 72 % |
| 6В02229-Теология | 58,8 % |
| **Факультет бойынша:** *Бакалавриат – 64,4%. Магистратура – 100%.* | |

*Факультеттің кадрлық құрамы*

| № | Кафедралар | Жалпы ОПҚ саны | Ғылыми дәрежелі ОПҚ саны | Штат | Ғылыми дәрежелік (%) |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Дінтану | 13 | 7 | 12,50 | 53% |
| 2 | Теология | 9 | 5 | 12,50 | 55% |
| 3 | Философия | 18 | 12 | 17,5 | 66% |
| | **Жалпы** | **40** | **24** | **42,5** | 60% |

Теология факультетінде қазіргі кезде 2 ғылым докторы, 8 ғылым кандидаты, 14 PhD доктор, 16 магистр оқытушы дәріс беруде. Сонымен қатар факультет ОПҚ тарапынан іргелі ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілуде және өз саласында танымал ғалымдар легі қалыптасқан.

Қазіргі кезде Теология факультетінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыруы бойынша төмендегі кестеде көрсетілген **4 ғылыми жоба** орындалуда.

**Теология факультетінде орындалып жатқан жобалар**

| № | Аты-жөні | Дәрежесі | Кафедрасы | Жобаның атауы | Суммасы |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Нурматов Жахангир Ешбаевич | PhD, аға оқытушы | Теология | AP19680418 «Матуридилік сенім жүйесінің қазақ діни танымындағы орны» (Ғылым комитетінің 2023-2025 жылдарға арналған ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыруы бойынша). | 50 902 675,99 |
| 2 | Балтабаева Алена | Филос.ғ.к., доцент | Философия | | 64 258 057 |
| 3 | Исаев Мұхтар Сеитханұлы | PhD., аға оқытушы | Философия | AP19679127 «Болашақ тарих мұғалімдеріне «Қазақстан тарихы» пәнін оқыту әдістемесін ақпараттық және цифрлық технологияларды пайдалану арқылы дамыту» (Ғылым комитетінің 2023-2025 жылдарға арналған ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыруы | 36 270 933,5 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | бойынша). | |
| 4 | Абжалов Сұлтанмұрат Утешович | Филос.ғ.к., доцент | Философия | AP19680093 «Матуриди және Иасауи ілімдері негізінде Абайдың теологиялық тұжырымдамасы» (Ғылым комитетінің 2023-2025 жылдарға арналған ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыруы бойынша). | 56 784 897 |
| **Жалпы** | | | | | **208 216 563,49** |

## SWOT-талдау

| | |
|---|---|
| **Күшті жақтар (Strengths)**<br>1. Факультетте шетелдік білікті мамандардың жұмыс істеуі;<br>2. Ғылыми жобалардың болуы;<br>3. Қос дипломдық және бірлескен бағдарламаларды жасауға қажетті әлеуеттің болуы;<br>4. Бірнеше шет тілін (араб, түрік, ағылшын) білетін ғылыми дәрежелі мамандардың болуы;<br>5. Туркияның белгілі ЖОО-мен байланыстың тұрақты жолға қойылуы және білім алушылардың академиялық ұтқырлық көрсеткішінің жоғарылығы;<br>6. Түрік тілінде жүргізілетін пәндер санының жоғары көрсеткіші. | **Әлсіз жақтар (Weaknesses)**<br>1. Сертификаты бар шет тілін білетін ОПҚ аздығы;<br>2. ОПҚ-ның академиялық ұтқырлық көрсеткішінің төмендігі;<br>3. Ғылыми дәрежесі жоқ ОПҚ санының жоғары болуы;<br>4. Кейбір БББ контингенттің төмен болуы (Философия-дінтану, психология-дінтану);<br>5. Түлектердің шалғай аймақтарға жұмысқа барудан бас тартуы (түзету мекемелері және т.б.);<br>6. Араб тілі сағатының аздығынан түлектердің канондық мәтіндермен жұмыс жасау құзыреттерінің төмендігі. |
| **Мүмкіндіктер (Opportunities)**<br>1. Теолог мамандарға сұраныстың жоғары болуы;<br>2. «Лингвистикалық орталық» арқылы тілдік құзыреттерді дамыту мүмкіндігі;<br>3. Туркиядан сала бойынша білікті мамандарды тарту және ортақ ғылыми жобалар жасау;<br>4. Көршілес елдердің ЖОО-мен қосдипломдық бағдарлама жасау мүмкіндігі. | **Қауіп-қатерлер (Threats)**<br>1. Нарықтағы бәсекелестіктің жоғары болуы;<br>2. Жұмыс орындарының шектеулілігі;<br>3. Дінтану, теологияны әлі күнге халық арасында діни қызметкер (молда, имам) дайындайтын сала ретінде қабылдайтын түсініктің басым болуынан талапкерлер келуінің азаю қаупі. |

## 2. МИССИЯ, ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

**Университет миссиясы:**

Қожа Ахмет Ясауидің іліміне сүйене отырып, академиялық принциптерге сай түркі әлемінде алдыңғы қатарлы, білікті және жаңашыл тұлғаларды тәрбиелейтін университет болу.

**Университеттің стратегиялық мұраты**

Қазақстан мен Түркияның ынтымақтастығы негізінде әлемдік деңгейде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізетін, Түркі әлеміне бағыт беретін білікті мамандар дайындайтын университет.

**Университеттің негізгі құндылықтары**

Қожа Ахмет Ясауидің рухани мұрасы мен әмбебап академиялық этиканың синтезі негізінде қалыптасады:

1. Серіктестік және құрмет
2. Ашықтық және сенімділік
3. Әділдік және адалдық
4. Біліктілік және еңбекқорлық
5. Инновация және бейімделгіштік

**Факультеттің миссиясы:**

Заман талабына сай сапалы білім беретін, бәсекеге қабілетті, сыни тұрғыдан ойлайтын, дін құбылысын ғылыми және бейтарап зерттейтін дінтанушы-теолог мамандар дайындайтын факультет болу.

**Факультеттің даму перспективасы**

Стратегиялық даму жоспарын әзірлеу және іске асыру (24.02.2024ж) бойынша көрсетілген бағыттар негізінде сапалы білім беру және ғылыми әлеуетін дамыту арқылы университетіміздің түркі әлеміндегі алдыңғы қатарлы оқу орнына айналуына үлес қосу. Атап айтқанда төменде көрсетілген бағыттарда дамуға басымдық беріледі:

**- Академиялық үстемдікке қол жеткізу**: БББ нарық сұранысына қарай ұдайы жаңарту, ОПҚ біліктілігін арттыру, ОПҚ және студенттерге арналған шетелдік академиялық ұтқырлық бағдарламаларын дамыту, Аккредитация.

**- Ғылыми зерттеу:** Ғылыми жарияланымдарды сандық әрі сапалық тұрғыдан арттыру, гранттық жобалар санын ұлғайту, әріптес ғылыми ұйымдармен ортақ зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру.

**- Әлеуметтік-мәдени сала:** Мәдени-рухани саланы дамытуға әсер беретін әртүрлі деңгейдегі конференция, семинар және т.б. іс-шараларды ұйымдастыру.

## 3. СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАР, ИНДИКАТОРЛАР ЖӘНЕ ОЛАРҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ МІНДЕТТЕРІ

Факультеттің даму жоспары университеттің стратегиялық даму жоспарында қамтылған мақсаттар мен міндеттерді орындауға бағытталған. Ахмет Ясауи университетінің Даму бағдарламасында факультеттерге жүктелген төмендегі 3 стратегиялық бағыт бойынша 2024-2026 жылдарға арналған төменде көрсетілген міндеттер анықталды. Олар:

**Стратегиялық бағыт 1. Тұрақты институциялық даму**

**Мақсат 1.1. АЯУ корпоративтік басқарудың тұрақтылығын қамтамасыз ету**

*Міндет 1.1.1. Корпоративтік басқаруды дамыту*

*Міндет 1.1.3. Адам ресурстары мен дарындыларды басқарудың институционалдық саясатын әзірлеу*

**Мақсат 1.2. АЯУ имиджін және беделін нығайту**

*Міндет 1.2.1. Әлемдегі жетекші отандық рейтингілер мен университеттердің рейтингілеріндегі позицияларды жақсарту*

*Міндет 1.2.2. Білім, ғылым және денсаулық сақтау саласындағы жетекші отандық және шетелдік ұйымдармен жаһандық серіктестікті қамтамасыз ету*

*Міндет 1.2.3. Өңірдің, елдің және түркі әлемі елдері қоғамының дамуына ықпалын күшейту*

**Стратегиялық бағыт 2. Академиялық үстемдікке қол жеткізу**

**Мақсат 2.1. Аймақтық, ұлттық және халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті кадрларды сапалы даярлау үшін білім беру экожүйесін құру**

*Міндет 2.1.1. Халықаралық кампусты дамыту және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын интернационалдандыру.*

*Міндет 2.1.2. Білім беру бағдарламаларын тәжірибеге бағытталған талаптарды, отандық және әлемдік стандарттар талаптарын, аймақтық қажеттіліктерді және бейресми оқытуды ескере отырып, жаңарту.*

**Мақсат 2.2. Тұлғалық даму үшін қолайлы жағдай жасау және білім алушылардың қоғамдық белсенділігін арттыру (3-миссия)**

*Міндет 2.2.1. Білім алушылардың интеграцияланған әлеуметтік GPA енгізу*

**Стратегиялық бағыт 3. ҒЫЛЫМИ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТТІ АРТТЫРУ**

**Мақсат 3.1. Зерттеу экожүйесін дамыту**

*Міндет 3.1.1. Ғалымдардың ғылыми әлеуетін арттыру*

*Міндет 3.1.2. Білім алушылардың ғылыми әлеуетін арттыру*

*Міндет 3.2.2. Ғалымдардың жарияланымдық белсенділігі мен жарияланымдарының сапасын арттыру*

## 4. МАҚСАТТЫ ИНДИКАТОРЛАР МЕН ТИІМДІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІН АНЫҚТАУ

| Бағыттар, мақсаттар, міндеттер және көрсеткіштер | Өлшем бірлігі | 2024 Жоспар | 2025 Жоспар | 2026 Жоспар |
|---|---|---|---|---|
| **СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ 1. ТҰРАҚТЫ ИНСТИТУЦИЯЛЫҚ ДАМУ** | | | | |
| **Мақсат 1.1 АЯУ корпоративтік басқарудың тұрақтылығын қамтамасыз ету** | | | | |
| **Мақсатты индикаторлар** | | | | |
| ***Міндет 1.1.1 Корпоративтік басқаруды дамыту*** | | | | |
| 1.1.1.1 Факультеттегі жобалар саны | Саны | - | - | 1 |
| 1.1.1.2 Тәуекелдерді басқару жүйесін енгізу | Факт | + | + | + |
| ***Міндет 1.1.3 Адам ресурстары мен таланттарды басқарудың институционалдық саясатын әзірлеу*** | | | | |
| 1.1.3.1 Факультеттегі қызметке тартылған шетелдік мамандар үлесі | % | 5,5 | 6 | 6,5 |
| 1.1.3.2 ОПҚ ғылыми дәрежелілігі | % | 55 | 60 | 65 |
| 1.1.3.3 Халықаралық сертификаттармен расталған ағылшын және түрік тілдерін меңгерген ОПҚ үлесі | % | 18 | 19 | 22 |
| 1.1.3.4 Оқытылатын пәндер бейіні бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткен оқытушылардың пайызы (72 сағ. кем емес) | % | 35 | 35 | 35 |
| 1.1.3.5 Біліктілікті арттыру курстарынан өткен оқытушылардың пайызы: | % | 50 | 50 | 50 |
| - сандық дағдылар | | | | |
| - оқу процесінде жасанды интеллектті пайдалану | | | | |
| - инклюзивті білім беру | | | | |
| - студенттің бағдарланған оқытуына/білім алушылардың оқу жетістіктерінің нәтижелерін бағалау | | | | |
| **Мақсат 1.2 АЯУ имиджін және беделін нығайту** | | | | |
| **Мақсатты индикаторлар** | | | | |
| ***Міндет 1.2.1 Әлемдегі жетекші отандық рейтингтер мен университеттердің рейтингтеріндегі позицияларды жақсарту*** | | | | |
| 1.2.1.1 "Атамекен" рейтингінде үздік 25% - ға енген бағдарламалар саны | Саны | - | 1 | 1 |
| 1.2.1.5 QS-BY SUBJECT, ТОП-100 енгізілген бағдарламалар саны | Саны | - | - | - |
| ***Міндет 1.2.2 Білім, ғылым және денсаулық сақтау саласындағы жетекші отандық және шетелдік ұйымдармен жаһандық серіктестікті қамтамасыз ету*** | | | | |
| 1.2.2.1 Әлемдік жетекші білім, ғылым, денсаулық сақтау және мәдениет ұйымдарымен, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар жасалған шарттардың (жаңа меморандумдардың) саны | Саны | 3 | 3 | 3 |
| 1.2.2.2 Ғылыми және инновациялық қызмет бөлігінде ірі бизнес өкілдерімен жасалған қамқорлықты қабылдау жөніндегі жаңа меморандумдар мен келісімдердің саны | Саны | - | - | - |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| ***Міндет 1.2.3 Өңірдің, елдің және түркі әлемі елдерінің қоғамының дамуына ықпалын күшейту*** | | | | |
| 1.2.3.1 6-74 жас аралығындағы цифрлық сауаттылықты арттыруға бағытталған бейресми білім беру бағдарламалары бойынша тыңдаушылар саны | Саны | - | - | - |
| 1.2.3.2 Университетімізге тиесілі авторлық құқықпен қорғалған онлайн курстар саны | Саны | 1 | 1 | 1 |
| 1.2.3.3 Бейресми білім беру бағдарламаларындағы тыңдаушылар саны (Күміс университетінен басқа) | Саны | - | 15 | 25 |
| 1.2.3.4 БББ тыңдаушылар саны Күміс университетінің бағдарламалары бойынша | Саны | - | 3 | 4 |
| **СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ 2. АКАДЕМИЯЛЫҚ ҮСТЕМДІККЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ** | | | | |
| **Мақсат 2.1 Аймақтық, ұлттық және халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті кадрларды сапалы дайындау үшін білім беру экожүйесін құру** | | | | |
| **Мақсатты индикаторлар** | | | | |
| 1) Алтын белгі, Халықаралық олимпиадалардың, конкурстарының, спорттық жарыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлер саны (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) | Саны | - | 1 | 2 |
| 2) Оқуды бітіргеннен кейінгі бірінші жылы жұмысқа орналасқан түлектердің үлесі | % | 82 | 82,5 | 83 |
| 3) Білім алушылардың білім беру қызметтерінің сапасына және экожүйеге қанағаттану дәрежесі | % | 60 | 62 | 65 |
| ***Міндет 2.1.1 Халықаралық кампусты дамыту және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын интернационалдандыру*** | | | | |
| 2.1.1.1 Университеттегі халықаралық білім беру бағдарламаларының саны, оның ішінде ағылшын тілінде (қос диплом/бірлескен) | Саны | - | 1 | 1 |
| 2.1.1.2 Коэффициентке сәйкес студенттердің жалпы санынан ЖОО- дағы шетелдік студенттердің үлесі (сапалық көрсеткіш) | % | 4 | 5 | 6 |
| 2.1.1.3 Оқу процесіне тартылған шетелдік оқытушылар саны (кемінде 1 семестр) | % | 5 | 6 | 7 |
| ***Міндет 2.1.2 Білім беру бағдарламаларын тәжірибеге бағытталған талаптарды, отандық және әлемдік стандарттар талаптарын, аймақтық қажеттіліктерді және бейресми оқытуды ескере отырып жаңарту*** | | | | |
| 2.1.2.1 Халықаралық деңгейде аккредиттелген білім беру бағдарламаларының саны | Саны | - | - | 1 |
| 2.1.2.2 Салалық қауымдастықтар мен кәсіпорындардың тапсырысы бойынша әзірленген инновациялық ББ үлесі | % | - | - | 1 |
| 2.1.2.3 Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алушылардың жалпы санынан кемінде триместр, семестр, оқу жылы мерзіміне шетелге кеткен білім алушылар үшін | % | 1,2 | 1,5 | 1,7 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2.1.2.4 Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алушылардың жалпы санынан кемінде семестр, оқу жылы мерзіміне шетелден келген білім алушылардың үлесі | % | 0,7, | 0,9 | 1 |
| 2.1.2.5 QS рейтингісінің ТОП-700 қатарынан серіктес жоғары оқу орындарымен қосдипломды білім беру шеңберіндегі білім беру бағдарламалары | Саны | – | – | – |
| 2.1.2.6 ОПҚ-ның сыртқы (келгеу/кеткен) академиялық ұтқырлығының үлесі | % | 0,5 | 0,6 | 0,7 |
| 2.1.2.7 Ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алушылардың жалпы санынан кемінде семестр, оқу жылы мерзіміне келген/кеткен білім алушылардың үлесі | % | 0,3 | 0,4 | 0,5 |
| 2.1.2.8 ОПҚ-ның жалпы санына қарай жұмыс берушілер мен бизнес өкілдерінің үлесі | % | 11 | 12 | 13 |
| 2.1.2.9 Көптілді студенттік топтардың пайызы | % | - | 15 | 20 |
| ***Міндет 2.1.3 Қазіргі заманғы жоғары білім беру талаптарына сәйкес келетін сапалы оқу және ақпараттық ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз ету*** | | | | |
| 2.1.3.2 Инклюзивті білім беруді дамытуда білім беру бағдарламаларын өзектендіру, іске асыру жөніндегі жұмыс кезінде үкіметтік емес ұйымдардың, қоғамдық қорлардың, қоғамдық бірлестіктердің тартылған өкілдерінің саны | Саны | 1 | 1 | 2 |
| 2.1.3.4 Оқу процесінде әлемдік цифрлық кітапханаларды пайдаланатын білім алушылардың үлесі | % | 10 | 15 | 20 |
| 2.1.3.5 Іске асырылатын білім беру бағдарламаларының оқу-әдістемелік базасын жаңарту (оқыту тілінде) | % | 5 | 5 | 5 |
| **Мақсат 2.2 Тұлғалық даму үшін қолайлы жағдай жасау және білім алушылардың қоғамдық белсенділігін арттыру (3-миссия)** | | | | |
| **Мақсатты индикаторлар** | | | | |
| 1) Ұйымдастырылған қоғамдық қызметке тартылған ЖОО білім алушыларының үлесі (университеттің қоғамдық өмірі,балалар үйлеріндегі, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған мектеп-интернаттардағы қайырымдылық акциялары, ҰОС және еңбек майданының ардагерлері үшін, марафондар, концерттік бағдарламалар, студенттік өзін-өзі басқару, клубтар мен қоғамдық ұйымдар, конкурстар,фестивальдар, флеш-мобтар, еріктілік, пікірталас) | % | 26 | 27 | 29 |
| 2) Студенттердің жалпы санынан студенттік үкімет мүшелерінің үлесі | % | 0,9 | 1 | 1,1 |
| ***Міндет 2.2.1 Білім алушылардың интеграцияланған әлеуметтік GPA енгізу*** | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2.2.1.1 Білім алушылардың жалпы санынан еріктілердің үлесі *(балалар үйлеріндегі, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған мектеп-интернаттардағы, ҰОС және еңбек майданының ардагерлеріне арналған қайырымдылық акциялары, волонтерлік)* | % | 0,8 | 0,9 | 1 |
| *2.2.1.2 Білім алушылардың жалпы санынан қоғамдық ұйымдардың (қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық) мүшелері үшін* | % | 1,9 | 2,3 | 2,7 |
| *2.2.1.3 Білім алушылардың жалпы санынан қоғамдық іс-шаралар мен тренингтерге (университеттік, қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық) қатысушылардың үлесі* | % | 5,2 | 5,7 | 6,2 |
| **СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ 3. ҒЫЛЫМИ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТТІ АРТТЫРУ** | | | | |
| **Мақсат 3.1 Зерттеу экожүйесін дамыту** | | | | |
| **Мақсатты индикаторлар** | | | | |
| 1) ГҚ/ БНҚ бойынша ҒЗЖ шеңберінде ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысатын жас ОПҚ үлесі (40 жасқа дейін) | % | 1/2,7 | 2/5,4 | 3/8,1 |
| 2) Ғылыми жобалардың жалпы санынан жүзеге асырылып жатқан халықаралық ғылыми жобалардың саны | Саны | - | - | - |
| 3) ҒЗЖ табыстарының көлемі | Факт, мың тг. | + | + | + |
| ***Міндет 3.1.1 Ғалымдардың ғылыми әлеуетін арттыру*** | | | | |
| 3.1.1.1 ҒЗТКЖ (ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстармен) айналысатын жас ғалымдардың саны (ГҚ/ҒТП, БНҚ бойынша, ҒЗИ жас ғалымдары, докторанттар және т. б. ғылыми-зерттеу жобаларына қатысу) | % | 1/2,7 | 2 | 2 |
| 3.1.1.2 ГҚ/ БМҚ бойынша ҒЗЖ шеңберінде ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысатын ОПҚ үлесі (коэффициентке сәйкес) | % | 7/18,42 | 8 | 9 |
| *Міндет 3.1.2 Білім алушылардың ғылыми әлеуетін арттыру* | | | | |
| 3.1.2.1 Ғылыми жобалардың міндеттерін орындауға енгізілген барлық деңгейдегі білім алушылардың саны (ГҚ/ БМҚ бойынша ғылыми жобаларға тарту) | Саны | 1 | 2 | 2 |
| Мақсат 3.2 Ғылыми ізденістердің нәтижелілігін арттыру | | | | |
| **Мақсатты индикаторлар** | | | | |
| 1) Бюджеттен қаржыландырылатын іске асырылатын ғылыми жобалардың саны | Саны | 3 | 3 | 3 |
| 2) Республикалық бюджеттен (ГҚ) қаржыландырылатын конкурстарға берілген ғылыми жобалардың саны | Саны | 2 | 3 | 3 |
| 3) Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын конкурстарға берілген ғылыми жобалардың саны (БНЖ) | Саны | - | - | - |
| 4) Q1, Q2 Journal Citation Reports JCR жоғары рейтингілі басылымдарындағы мақалалар мен ғалымдардың шолуларының саны +20% | Саны | 0 | 2 | 3 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| ***Міндет 3.2.1 Соңғы өнімі бар ғылыми зерттеулердің әлеуетін арттыру (практикалық қолдану/коммерцияландыру)*** | | | | |
| 3.2.1.1 Ғылыми-зерттеу қызметінің коммерцияланатын жобаларының саны | **Саны** | - | - | - |
| 3.2.1.2 Бюджеттен қаржыландырылатын барлық ғылыми жобалардың санынан коммерцияланатын жобалардың үлесі | **%** | - | - | - |
| 3.2.1.3 ЖОО-да қызметкерлер іске асырған стартап жобалардың саны | **Саны** | - | - | - |
| 3.2.1.4 Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің нәтижесі (бұдан әрі – ҒҒТҚН) және қолданбалы ғылыми зерттеулердің коммерцияланатын жобаларын жеке қоса қаржыландыру көлемі (Жергілікті атқарушы орган, бизнес өкілдері) | **Факт, мың.тг.** | - | - | - |
| 3.2.1.5 Білім алушылардың стартап- жобаларының әр жылғы саны | **Саны** | - | - | - |
| ***Міндет 3.2.2 Ғалымдардың жарияланымдық белсенділігі мен жарияланымдарының сапасын арттыру*** | | | | |
| 3.2.2.1 Халықаралық рецензияланатын журналдарда (Scopus, WoS) жарияланған мақалалар саны (өткен жылы жарияланған мақалалар санына+20%) | **Саны** | - | 5 | 6 |
| 3.2.2.2 ҚР Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған тізімге сәйкес ҚР дерекқорындағы ғылыми индекс жарияланымдарының саны | **Саны** | 6 | 8 | 10 |
| 3.2.2.3 Н-индексі (Хирша индексі) алты (6) және одан жоғары ғалымдар саны | **Саны** | 1 | 2 | 3 |
| 3.2.2.4 Ғылыми монографиялар/кітап тарауларының саны (Scopus, WOS) | **Саны** | - | - | 1 |
| **Міндет 3.2.3 Ғалымдардың инновациялық белсенділігін арттыру** | | | | |
| 3.2.3.1 Мемлекеттік бюджет есебінен іске асырылған ҒЗЖ шеңберінде алынған патенттер саны | **Саны** | - | - | - |
| 3.2.3.2 Халықаралық деңгейдегі патенттер және жіберілген өтінімдер саны (әр жылғы) | **Саны** | - | - | - |
| 3.2.3.3 Өндіріске/оқу процесіне енгізілген ҒЗЖ нәтижелері | **Факт** | + | + | + |

## 5. 2026 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ КҮТІЛЕТІН НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕР

Факультеттің даму бағдарламасында орын алған міндеттерді жүзеге асыру кезең кезеңімен 2026 жылға қарай келесі нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

1) **Стратегиялық бағыт 1. Тұрақты институциялық даму**

- Факультет бойынша ОПҚ ғылыми дәрежелігі 70% жетеді;
- Халықаралық сертификаттармен расталған ағылшын және түрік тілдерін меңгерген ОПҚ үлесі 20% асады;
- Салалық ұйымдармен, мекемелермен жасалған келісім шарттардың (меморандумдардың) саны артады;
- Магистратура бойынша жаңа БББ (Дін социологиясы, дін психологиясы) ашылады;
- Авторлық құқықпен қорғалған ең кемі 3 онлайн курс жасалады.

2) **Стратегиялық бағыт 2. Академиялық үстемдікке қол жеткізу**

- Факультетте білім алатын шетелдік студенттер саны жалпы контингенттен ***6%*** көрсеткішке жетеді;
- Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алушылардың жалпы санынан кемінде триместр, семестр, оқу жылы мерзіміне **шетелге кеткен** білім алушылар көрсеткішін 2% межеге жетеді;
- Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алушылардың жалпы санынан кемінде семестр, оқу жылы мерзіміне **шетелден келген** білім алушылардың үлесі 1% жетеді;
- ОПҚ-ның сыртқы (келген/кеткен) академиялық ұтқырлығының үлесі 1% кем болмайды;
- Ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алушылардың жалпы санынан кемінде семестр, оқу жылы мерзіміне келген/кеткен білім алушылардың үлесі 2% кем болмайды;
- Ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алушылардың жалпы санынан кемінде семестр, оқу жылы мерзіміне келген/кеткен білім алушылардың үлесі 0,5% кем болмайды;
- Түркия Республикасының Дін істері басқармасына қарасты Білім жетілдіру орталықтарына факультет білім алушыларын бір айлық жазғы оқуға жіберу жобасын қайта жаңғыртылады.

3) **Стратегиялық бағыт 3. Ғылыми-инновациялық әлеуетті арттыру**

- ҒЗТКЖ (Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар) жүзеге асыратын ғалымдар мен зерттеушілердің жалпы санынан жас ғалымдардың үлесі (ГҚ/ БМҚ бойынша ғылыми жобаларға қатысу және т. б.) артады;
- ГҚ/БМҚ бойынша ҒЗЖ шеңберінде ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысатын ОПҚ үлесі (коэффициентке сәйкес) 13% кем болмайды;
- Ғылыми жобалардың міндеттерін орындауға енгізілген барлық деңгейдегі білім алушылардың саны (ГҚ/ БМҚ бойынша ғылыми жобаларға тарту) әр жобада 2-ге жетеді; Халықаралық рецензияланатын журналдарда (Scopus, WoS) жарияланған мақалалар саны (өткен жылы жарияланған мақалалар санына+%) 5 кем болмайды;
- ҚР Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған тізімге сәйкес ҚР дерекқорындағы ғылыми индекс жарияланымдарының саны 10-нан кем болмайды;
- Теология факультетінде мәтіндерді зерттейтін лаборатория жасақталады;
- Теология факультетіне қарасты "Хикмет" ғылыми журналын ҚР ҒЖБССҚК ұсынатын басылымдар тізіміне кіргізу жұмыстары аяқталады.

# 6. РЕСУРСТАР

## 6.1 Факультеттің аудиториялық қорының жағдайы

Теология факультеті оқу процесіне қажетті ең басты құрал-жабдықтармен қамтылған. Аудиториялық қор қазіргі контингентті толық қамтамасыз етеді. Дегенмен кейбір жаңартуды қажет ететін және аккредитациядан өту барысында талап етілетін арнайы жабдықталған кабинеттерге қажеттілік бар. Атап айтқанда жаңадан ашылған «Психология-дінтану» білім беру бағдарламасын 2024-2025 оқу жылына «*Психологиялық тренинг жүргізу*» кабинетімен жасақтау керек. Сонымен қатар, мәтіндерді зерттейтін «Дінтану лабораториясын» ашу қажет. Бұл және тағы басқа материалдық-техникалық жабдықтар бойынша жоғарғы басшылыққа қызмет хат дайындалды.

| № | Мекен жайы | Ғимарат №, аудитория номері | Көлемі (м) | Сыйымдылығы (адам саны) | Аудитория түрі | Жабдықталуы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| I. Теология факультеті | | | | | | |
| 1 | 1/Б.Саттарханов даңғылы №29В | Конференция залы (4-қабат) №439 | 110,2 $м^2$ | 84 | Конференция залы | Маркерлі тақта, проектор |
| 2 | 1/Б.Саттарханов даңғылы №29В | 1-319 | 53,5 $м^2$ | 24 | Лекция залы | Интерактивті тақта, проектор |
| 3 | 1/Б.Саттарханов даңғылы №29В | 1-324 | 35,4 $м^2$ | 14 | Практикалық сабақтар өтілетін бөлме | Проектор, маркерлі тақта |
| 4 | 1/Б.Саттарханов даңғылы №29В | 1-326 | 36 $м^2$ | 14 | Практикалық сабақтар өтілетін бөлме | Маркерлі тақта |
| 5 | 1/Б.Саттарханов даңғылы №29В | 1-328 | 35,4 $м^2$ | 14 | Практикалық сабақтар өтілетін бөлме | Проектор, маркерлі тақта |
| 6 | 1/Б.Саттарханов даңғылы №29В | 1-330 | 35,4 $м^2$ | 14 | Практикалық сабақтар өтілетін бөлме | Проектор, маркерлі тақта |
| 7 | 1/Б.Саттарханов даңғылы №29В | 1-334 | 41,9 $м^2$ | 18 | Практикалық сабақтар өтілетін бөлме | Маркерлі тақта, проектор |
| 8 | 1/Б.Саттарханов даңғылы №29В | 1-336 | 40,6 $м^2$ | 18 | Практикалық сабақтар өтілетін бөлме | Проектор, маркерлі тақта |
| 9 | 1/Б.Саттарханов даңғылы №29В | Түркі халықтарының зияткерлік ғылыми—практикалық ойындар орталығы | 63,8 $м^2$ | 35 | Практикалық сабақтар өтілетін бөлме | Маркелі тақта, кондиционер |
| 10 | 1/Б.Саттарханов даңғылы №29В | 3-245 | 44,3 $м^2$ | 20 | Практикалық сабақтар өтілетін бөлме | - |
| 11 | 1/Б.Саттарханов даңғылы №29В | 3-247 | 42,5 $м^2$ | 18 | Практикалық сабақтар өтілетін бөлме | - |
| | Барлығы | 11 | 535,8$м^2$ | 273 | | |

## 6.2 Деканат және кафедралардың техникалық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуі

| № | Атауы | Жағдайы | Деканат | Дінтану | Теология | Философия | Жалпы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | *Моноблок* | ***Жалпы саны*** | **-** | **1** | **1** | **3** | **4** |
| | | *жарамды* | - | 1 | 1 | 3 | 4 |
| | | *жарамсыз* | - | - | - | - | - |
| 2 | *Компьютер* | ***Жалпы саны*** | **5** | 2 | 2 | 4 | **6** |
| | | *жарамды* | **5** | **2** | **1** | **2** | **10** |
| | | *жарамсыз* | - | **-** | **1** | **2** | 3 |
| 3 | *Принтер* | ***Жалпы саны*** | **5** | **3** | **2** | **4** | **22** |
| | | *жарамды* | 4 | 3 | 2 | 3 | 12 |
| | | *жарамсыз* | 1 | - | - | 1 | 2 |
| 4 | *Видеопроектор* | ***Жалпы саны*** | **-** | **1** | **1** | **1** | **3** |
| | | *жарамды* | - | 1 | 1 | 1 | 3 |
| | | *жарамсыз* | **-** | - | - | - | - |
| 5 | *Ноутбук* | ***Жалпы саны*** | **1** | | | | 1 |
| | | *жарамды* | 1 | **-** | **-** | **-** | **1** |
| | | *жарамсыз* | - | **-** | **-** | **-** | **-** |
| 6 | *Сканер* | ***Жалпы саны*** | **-** | - | **-** | **-** | **-** |
| | | *жарамды* | **-** | **-** | **-** | **-** | **-** |
| | | *жарамсыз* | **-** | **-** | **-** | **-** | **-** |
| | | | | | | | |